

Қадыр түнінде оқылатын таңдаулы дұғалар

26429 рет оқылған



Ғұлама Мужаһит: «Қадір түні – тағдыр түні. Оның бұлай аталуының себебі, Алла тағала бұл түні келесі жылғы Қадір түніне дейін кімнің ажалы жететінін, кімге қанша ризық-несібе бөлінетінін, тағы басқа үкімдерді белгілейді. Содан соң барлығын төрт періштеге: Жәбірәйіл, Исафил, Микәйіл және Өлім періштесіне тапсырады», [1] деген.

Ал, Абдуллаһ Ибн Аббас (Алла әкесі екеуінен разы болсын): «Сол түні кітаптың анасынан, яғни Ләухул Махфуздан бір жылдың ішінде кімге қанша ризық бөлінетіні, қашан қанша жаңбыр жауатыны, кімнің дүниеге келетіні, кімнің дүние салатыны, кімнің қажылыққа баратыны да жазылады», [2] деген. Яғни, бұл – тілектер қабыл болатын түн. Әрине, әр адамның жүрек төрінде орындалмай жүрген арманы, қажеттіліктері бар. Алла Тағала тілектерді әр адамның өз тілінде де естиді. Дегенмен, Құран мен сүннетте келетін дұғалардың қабыл болу мүмкіндігі жоғары болғандықтан ең таңдаулы дұғаларды топтастырдық. Қағазға шығарып, Рамазанның соңғы түндерін дұға жасаумен өткізуге қалай қарайсыз?

Алладан жан байлығын әрі материалдық байлықты сұрайтын дұға

Ибн Масғұд (оған Алла разы болсын) Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жиі айтатынын

естіген:

«Я, Алла, расында, мен Сенен Сенің басшылығыңды, тақуалықты, (күнәдан жаман қылықтардан) пәктікті және байлықты сұраймын». (Муслим)

(Аллаһумма, инни асәәлюкаль-Һуда, уа туқа, уаль-ѡафафа уальғина)
Алладан амандық сұрайтын дұға

Я, Алла! Сенен мен (осы) дүние және ақыретте жарылқау мен есен-амандықты

тілеймін. Уа, Алла! Сенен мен дінімде, тұрмыс-тіршілігімде, отбасым мен мал-мүлкімде жарылқау мен есен-амандық тілеймін. Уа, Алла! Менің әбүйірімді Өзің бүркеп қойғайсың, мені қорықыныштан аман еткейсің. Уа, Алла! Мені алды-артымнан, оң жақ-сол жағымнан

және төбемнен де Өзің сақтағайсың! Сондай-ақ кенеттен қиянатқа ұшырап, өліп кетуден Өз ұлылығыңнан пана сұраймын!

«Аллаһумма инни әс-әлукәл-ѡафуа уәл-ѡафиәтә фид-дунйа уәл-әхирәһ. Аллаһумма

инни әс-әлукәл-ѡафуа уәл-ѡафиәтә: фи диниуә дунйа-йа уә әһли, уә мәли. Аллаһуммас-тур ѡаурати уә әмин рауѡати Аллаһуммах-фазни мин бәйни йәдәййа уә мин халфи, уә ѡан йәмини уә ѡан шимәли, уә мин фәуқи, уә әѡузубиѡазамәтикә ән уәғтәлә мин тәхти».

Салиқалы әйел сұрау

«Роб-бә-нәә һәб-лә-нәә мин әз-уәә-джи-нәә уә зур-ри-иәә-ти-нәә кур-ро-тә ә-иу-ниу уәдж-хәл-нәә лил-мут-тә-қии-нәә-и-мәә-мәә»

«Раббымыз! Жұбайларымызды және ұрпақтарымызды көзіміздің қуанышы ет әрі бізді тақуалардың алды ете гөр!»

Қырсық әйелдің, жаман достың кесірінен Аллаға сыйыну

Әбу Һурайра (Алла оған разы болсын) былай дейтін: «Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) дұғаларының қатарында мына (дұға) да бар еді: «Я, Алла, ақиқатында, мен Сенен жаман көршіден, оның (кесірінен) шашым уақытысынан бұрын ағарып кететін әйелден, үстімнен би болатын баладан, мен үшін азапқа айналатын дүниеден, көзі мені көретін, ал жүрегі аңдып отыратын, әрі егер ол менен бір жақсы нәрсе көрсе, жасыратын, ал егер менен жаман нәрсе байқаса, жарияға жар салатын достан пана сұраймын»". Әт-Табарани «әд-Ду'а» 3/1425. Хадис сахих (сенімді).

(Аллаһумма инни а‘узубика мин жәри ссу-и, уа мин зәужин тушайибуни кьаблэ-л-мәшиб, уа мин уаләдин якуну ‘аләйа раббан, уа мин мәлин якуну ‘аләйа ‘азабан, уа мин халилин мәкирин ‘айнуху тарани уа қалбуһу яр‘ани ин ра-а хасанатан дафанана, уа изә ра-а сайиатан аза‘аһа).

Адам Пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) тәубе жасағанда айтқан дұғасы:

«Раббымыз! Біз өзімізге әділетсіздік істедік. Енді бізді кешіріп, рақым етпесең, сөзсіз зиянға ұшырағандардан боламыз» («Аъраф» сүресі, 23-аят).

«Роббәнә заләмнә әнфусәнә уәил ләм тәғфир ләнә уәтәрхәмнә ләнәкуунәннә минәл хасириин»

Алладан кешірім өтінгенде, ең жақсысы былай деп дұға айту:

«Я, Алла! Сен менің Раббымсың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Сен мені жараттың, ал мен Сенің құлыңмын. Мен күш-қүдіретім жеткенше Саған деген уәдемді, әрі сертімді сақтаймын. Әрі жасаған істерімнің жамандығынан Өзіңе сиынамын. Маған берген нығметтеріңді мойындаймын, әрі күналарымды да мойындаймын. Мені жарылқай гөр! Шын мәнінде, Сенен өзге күнәларды жарылқаушы ешкім жоқ!»

«Аллаһуммә, Әнтә Рабби, лә иләһа иллә Әнтә, халәктәни уә әнә ‘абдукә, уә әнә ‘алә ‘аһдикә уә уә’дикә мә-стәтағту, ә’узу бикә мин шәрри мә санә’ту әбу-у ләкә би-ни’мәтикә ‘әләйһа уә әбу-у би-занби, фәғфир ли, фә иннәһу лә яғфиру-з-зунубә иллә Әнта!»

اللَّهُمَّ أَنْتَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، خَلَقْتَنِي وَأَنَا عَبْدُكَ، وَأَنَا عَلَىٰ عَهْدِكَ وَوَعْدِكَ مَا اسْتَنْطَعْتُ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا صَنَعْتُ، أَبُوءُ لَكَ بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ، وَأَبُوءُ بِذَنْبِي فَاغْفِرْ لِي فَإِنَّهُ لَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ

Кешірім сұрау дұғасы

«Я, Алла! Шын мәнінде, мен өзіме аса көп зұлымдық жасадым. Күнәларды кешіретін Өзіңнен басқа ешкім жоқ. Өз жарылқауыңмен мені кешір де, маған рақым ет. Расында, Сен аса Жарылқаушы, ерекше Рахымдысың!»

«Аллаһуммә, инни заләмту нәфси зулмән кәсиран уә лә яғфиру-з-зунубә иллә Әнтә. Фағфир ли мәғфиратән мин ‘индикә уәрхамни, иннәкә Әнтә-л-Ғафуру-р-Рахим!»

اللَّهُمَّ إِنِّي ظَلَمْتُ نَفْسِي ظُلْمًا كَثِيرًا، وَلَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ، فَاعْفُ لِي مَغْفِرَةً مِنْ عِنْدِكَ وَارْحَمْنِي، إِنَّكَ أَنْتَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ

Кімде-кім: «Әстәғфиру-Ллаһ-әл-’Азыймә-лләзи лә иләһа иллә һууә-л-Хайю-л-Қаййуму уә әтубу иләһһ!»

أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ الْعَظِيمَ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ وَأَتُوبُ إِلَيْهِ،

(«Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай болмаған Тірі әрі Мәңгі Жасаушы Ұлы Аллаһтан кешірім тілеп, әрі Оған тәубе етемін») - десе, ол тіпті шабуылдаған дұшпаннан (соғыс алаңынан) қашқан болса да, Алла оны кешіреді!»

Қадір түнінде оқылатын дұға

Айша анамыздың (Алла оған разы болсын) Пайғамбарымыздан (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа, Алла Елшісі, егер мен Қадір түнінің басталғаны туралы білсем, не айтуым керек?» ۞ деп сұрағаны риуаят етіледі. Бұған Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Я, Алла, расында, Сен – Кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің. Мені кешіре гөр! /Аллаһуммә иннәкә Ыафуун, тухиббуль-ѳафуа ѳаѳфу-ѳанни/» ۞деп айт», ۞ деп жауап берген (әт-Тирмизи, Ибн Мәжаһ, әл-Хаким).

Қабір азабынан, жаман халде қартаюдан сыйыну

«Я, Алла! Ақиқатында, мен Саған сарандықтан сыйынамын, әрі Саған қорқақтықтан сыйынамын, және Саған қаусаған қарт болып қалудан сыйынамын, сондай-ақ Саған дүние бүлігінен және қабір азабынан сыйынамын».

«Аллаһуммә, инни ә’узу бикә мин әл-бухли, уә ә’узу бикә мин әл-жубни, уә ә’узу бикә мин ән ураддә илә әрзәлил-’умури, уә ә’узу бикә мин фитнәти-д-дунйа уә ‘азәбил-қабр».

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْبُخْلِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ الْجُبْنِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ أَنْ أُرَدَّ إِلَى أَرْذَلِ الْعُمُرِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ فِتْنَةِ الدُّنْيَا وَعَذَابِ الْقَبْرِ

Алладан көркем құлшылық жасауда көмек сұрау

«Я, Алла! Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге әрі Өзіңе көркем түрде құлшылық етуге маған жәрдем бер».

«Аллаһуммә, ә’инни ‘алә зикрикә, уә шукрикә, уә хусни ‘ибәдәтик».

اللَّهُمَّ اعْنِي عَلَى ذِكْرِكَ، وَشُكْرِكَ، وَحُسْنِ عِبَادَتِكَ

Я, Алла! Мені Өзіңді әрдайым еске алушы, Саған шүкір етуші, Саған бойсұнушы әрі Өзіңе қайтушы қылғайсың. Уа, Раббым! Менің тәубем-

ді қабыл ет, күнәлардан тазала, дұғамды қабыл ет, дәлелімді мықты ет, жүрегімді тура жолға сал, тілімді берік қылғайсың және көкірегімнің кегін басқайсың.

«Аллаһуммаж-ѳәлни зәккәрән ләкә, шәккәрән ләкә, мутаууәѳан ләкә, мухбитән иләйкә, әууәһән мунибә. Рабби тәқаббәл тәубәти, уәғсил хубәти, уә әжиб даѳуәти уә сәббит хужжәти, уәһди қалби, уә сәддид лисәни уәслул сәхимәтә садри».

Алладан Жәннатты сұрап, Тозақтан сыйынатын дұға

«Я, Алла! Расында, мен Сенен Жәннатты сұраймын, әрі Оттан Өзіңе сиынамын!»

«Аллаһуммә инни әс-әлукәл жәннәтә уә ә'узу бикә мин ән-нәр!»

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْجَنَّةَ وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ النَّارِ

Қарызға, уайымға батқан кісінің дұғасы

«Аллаһуммә инни ә'узу бикә мин әл-һәмми уәл-һазәни, уәл-'ажзи уәл-кәсәли, уәл-бухли уәл-жубни, уә далә'ид-дәйни уә ғаләбәтир-рижәл».

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْهَمِّ وَالْحَزَنِ، وَالْعَجْزِ وَالْكَسَلِ، وَالْبُخْلِ وَالْجُبْنِ، وَضَلَعِ الدَّيْنِ وَغَلَبَةِ الرِّجَالِ ((

«Я, Алла! Расында, мен Саған уайым-қайғыдан, әлсіздік пен жалқаулықтан, сараңдық пен қорқақтықтан, қарыздың ауыртпалығынан әрі адамдардың жәбірлеуінен сиынамын» (Бұл жерде адамдар жиі жағдайда не жәбірлеуші, не жәбірленуші болатыны меңзеліп тұр. Аударманың келесідей басқа нұсқасы да болуы мүмкін: «...әрі адамдардың арасында қор болған күйге түсуімнен...»).

Ісіңе береке сұрау

«Я, Алла! Сенің рахымыңа үміт етемін. Мені бір мезетке болса да өз нәпсіме тастама, әрі менің барлық жұмыстарымды онда, Сенен басқа құлшылыққа лайықты Құдай жоқ!»

«Аллаһуммә, рахмәтәкә әржу, фә лә тәкилни илә нәфси тарфәтә 'айнин, уә аслих ли шә'ни кулләһу, лә иләһа иллә Өнта!»

اللَّهُمَّ رَحْمَتَكَ أَرْجُ وَ، فَلَا تَكِلْنِي إِلَى نَفْسِي طَرْفَةَ عَيْنٍ، وَأَصْلِحْ لِي شَأْنِي كُلَّهُ، لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ

Пайдалы білім сұрау

«Я, Алла! Расында, мен Сенен пайдалы білім, адал ризық-несібе әрі (өз құзырында) қабыл болатын амал сұраймын!»

«Аллаһуммә, инни әс-әлукә 'илмән нәфи'ан, уә ризқан тай-ибән, уә 'амәлән мутәқаббәлән!»

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ عِلْمًا نَافِعًا، وَرِزْقًا طَيِّبًا، وَعَمَلًا مُتَقَبَّلًا

Қайтыс болған адамдар үшін

«Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды жарылқай көр! Әрі сондай иман келтіргендер үшін жүрегімізде бір жек көрушілік қылма» дейді» («Хашыр» сүресі, 10-аят).

«Раббәнә ғфир ләнә уәлиихуәнинәл ләзиинә сәбәқуунә билиимәни уәлә тәжәл фии кулуубинә ғилләл лилләзиинә әмәнуу раббәнә иннәкә рәууфур рахиим»

{ رَبَّنَا اغْفِرْ لِي وَلِوَالِدَيَّ وَلِلْمُؤْمِنِينَ يَوْمَ يَقُومُ الْحِسَاب }

Салиқалы ұрпақ сұрау

«Роб-бидж-ғал-нии му-қиимәс со-лә-тии уәмиңң зур-ри-иәтии раббәнә уә-тәқаббәл ду-ғәә-и»

«Раббым! Мені және ұрпағымды намазды (барлық шарттарын сақтап, беріле) толық орындаушы ет. Раббымыз! Тілегімді қабыл ал!»

رَبِّ اجْعَلْنِي مُقِيمَ الصَّلَاةِ وَمِنْ ذُرِّيَّتِي رَبَّنَا وَتَقَبَّلْ دُعَاء

Екі дүние игілігін сұрау

Я, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де жақсылық бер, ақыретте де жақсылық бер және бізді тозақ азабынан сақта!

«Раббәнәә әәтинә фид-дүния хасанатән, уа фил-аахирати хасанатән, уа қинәә ‘азәбән-нәр»

رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ

Шипа сұрау

«Маған бір пәлекет келді. Ал Сен Мейірім етушілердің ең Мейірімдісің»

«Әнн-нии мәс-сә-ни-иәд-дур-ру уә әңң-тә әр-хә-мур-роо-хи-миин»

Ата-ана үшін жасалатын дұға

«Раббым, Мені кішкентайымнан бағып, тәрбиелеп өсіргеніндей оларға мейірім ет!»

«Роб-бир-хәм-һу-мәә-кә-мәә роб-бә-иәә-нии со-ғии-роо»

Жоқшылықтан, ауру-сырқаудан сыйыну

Я, Алла! Тәніме саулық бер! Уа, Алла! Естуіме саулық бер! Уа, Алла! Жанарыма саулық бер! Сенен басқа ешбір құдай жоқ. Уа, Алла! Мен күпірлік пен жоқшылықтан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын. Сондай-ақ қабір азабынан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын. Сенен басқа ешбір Құдай жоқ.

«Аллаһумма ғафини фи бәдәни, Аллаһум- мә ғафини фи сәмьи, Аллаһумма ғафини фи бәсари, лә иләһә иллә әнт. Аллаһумма инни әбузу бикә минәл-куфри уәл-фәқри, уә әбузу бикә мин ғазәбил-кабри, лә иләһә иллә әнт».

Жақсы мінез сұрау

Я, Аллах! Мені өмірдің қиындығынан сақтай гөр. Мені ең жақсы істер мен жақсы мінезге жетелей гөр. Өйткені оның ең жақсысына Сенен басқа ешкім жетелей алмайды. Және оның жаманын менен айықтырғайсың. Өйткені оның жаманынан мені Сенен басқа ешкім де айықтыра алмайды.

«Аллаһумма инни әбузу бикә мин ән ураддә илә әрзәлил-ъумр.
Аллаһуммаһ-дини әхсәнәл-әъмәли, уәл-әхләқи лә йәһди ли-әхсәниһә
иллә
әнтә уәсриф ьанни сәий-әһә лә йәсрифу ьаннисәий-әһә иллә әнт».

Кедейліктен, жаман мінезден сыйыну

Я, Алла! Менің дінімді дұрыс, үйімді кең, ризығымды берекелі қылғайсың. Уа, Алла! Қатыгездіктен, бейқамдықтан, қорлықтан және

кедейліктен Өзіңе сыйынып, пана сұраймын. Уа, Алла! Кәпірліктен, пасықтықтан, мақтаншақ- тықтан, сұмғадан және риядан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын. Уа, Алла! Керең, сақау, алапес болуымнан және жаман аурулардан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын.

«Аллаһумма әслих ли дини уә уәссиъ ли дәри, уә бәрик ли фи ризқи.
Аллаһумма инни әбузу бикә минәл-қасуати уәл-ғафләти уәз-
зулләти уәл-мәскәнәти, уә әбузу бикә минәл-куфри, уәл-фусуқи уәш
шиқақи уәс-сумъати уәр-рия-и уә әбузу бикә минәс-сумми уәл-
букми уәл-жузәми уә сәи-йил-әсқам».

Ризық сұрау

Я, Алла! Көбейте гөр, кемітпе, сыйлы қыл да, бейшара қылма, бере гөр де, тыя көрме, бізді таңда да, құр қалдырма. Уа, Алла! Барлық істерімнің соңын жақсарт. Дүние қорлығынан және ақырет азабынан құтқар.

«Аллаһумма зиднә уә лә тәнқуснә, уә әкримнә уә лә туһиннә, уә аьтыйнә уә лә тәхримнә, уә әсирнә уә лә ту-әссир ьаләйнә.
Аллаһумма әхсин ьақибәтәнә фил-умури куллиһә, уә әжирнә мин хизид-дуния уә ьазәбил-әхира».

Жақсылық сұрау

Я, Алла! Жақсылықтың бастауы мен соңын, әуелгісі мен ақырғысын, әшкересі мен жасырынын, Жәннаттағы биік дәрежелерді сұраймын. Менің зікірімді жоғарылатып, ауыртпалығымды таста, жүрегімді тазалап, әурет жерімді сақта және күнәларымды кешір.

«Аллаһумма инни әс-әлукә фәуәтихәл-хайри уә хауәтимәһу уә жауәмиәһу, уә әууәләһу уә әхираһу уә заһираһу уә бәтәйнәһу, уәддәражәтил-булә минәл-жәннәһ. Аллаһумма инни әс-әлукә ән тарфәә

зикри, уә тәдаә уизри, уә тутәһһира қалби, уә тухассинә фаржи, уә тәғфира ли зәнби».

Қиыншылықтан, бақытсыздықтан сыйыну

Я, Алла! Сынақ қиыншылықтарынан, бақытсыздықтардың жалғасуынан, тағдырдың жамандығынан, дұшпандардың басынуынан

Саған сыйынып, пана тілеймін. Уа, жүректерді құбылтушы Алла!

Жүрегімді Өз дініңе орнықтыр. Уа, жүректерді бағыттаушы Алла!

Жүректерді Өз тағатыңа бағыттағайсың.

«Аллаһумма инни әбузу бикә мин жәһдил-бәлә-и, уә дәркиш-шиқә-и, уә су-ил-қадә-и, уә шәмәтәтил-әйдә. Аллаһумма муқаллибәл-қулуби сәббит қалби ғалә диник. Аллаһумма мусаррифәл-қулуби сарриф қалби ғалә таәтик».

Алладан Өзін жақсы көретін жүрек, иман сұрау

Я, Алла! Өзіңді жақсы көруді және Сені жақсы көретінді жақсы көруді және Сенің жақсы көруіңе жақындататын әрбір амалды жақсы көруді маған нәсіп ет. Уа, Алла! Сенен мәселенің қайырлысын, жақсы дұға, жақсы нәтиже және жақсы сауап сұраймын. Мені бекем ет және таразымды ауырлат, иманымды нығайт, дәрежемді көтер, намазымды және ғибадаттарымды қабыл ет, қатемді кешір және маған жоғары дәрежелі Жәннатты нәсіп ет!

«Аллаһумма инни әс-әлукә хуббәкә уә хуббә мән йухиббукә, уә хуббә куллә ғамә лин йуқаррибуни илә хуббик. Аллаһумма инни әс-әлукә хайрал-мәс-әләти, уә хайрад-дуә-и уә хайран-нәжәхи, уә хайрас-сәуәби, уә сәббитни

уә сәққил мауазини, уә хаққик имәни, уәрфаә дәражәти, уә тәқаббәл саләти уә ғибәдәти, уәғфир хати-әти уә әс-әлукәд-дәражәтил-булә минәл-жәннәһ».

Береке сұрау

Я, Алла! Менің естуімді, көруімді, мінезімді, сырт келбетімді, отбасымды, өмірімді және амалымды берекелі етуіңді сұраймын, ізгі

амалдарымды қабыл еткейсің. Сенен Жәннаттағы биік дәрежені сұраймын.

«Аллаһумма инни әс-әлукә ән тубәрикә фи сәмъи, уә фи бәсари, уә фи халқи, уә фи хулуқи, уә фи әһли, уә фи махйа-я, уә фи ғамәли, уә тәқаббәл хәсәнәти, уә әс-әлукәд- даражәтил-ғулә минәл-жәннәһ».

Алланың разылығын сұрау

Я, Алла! Шынайы иман, иманды көркем мінез, артынан бақыт ілескен табыс, Сенен келетін мейірім және жарылқау, кешірім және разылығыңды сұраймын.

«Аллаһумма инни әс-әлукә сиххатән фи имәни, уә имәнән фи хусни хулуқин, уә нәжәхән йәтбәуһу фәләхун, рахмәтән минкә уә ғафиәтән минкә, уә мәғфиратән уә ридуәнә».

Алладан көмек сұрау

Я, Алла! Істерімнің қорғаушысы болған дінімді, өмір сүретін дүниемді, қайтып оралатын ақыретімді түзегейсің. Өмірімді ізгі амалдарды көбейту, ал өлімімді барлық жамандықтан демалу қылғайсың. Уа, Раббым! Маған көмектесе гөр және маған қарсы көмектеспегейсің. Мені жеңіске жеткіз және біреуге жығып берме. Мені тура жолға сал және тура жолды маған жеңіл қылғайсың.

«Аллаһумма әслих ли динил-ләзи һууә ғисмәту әмри, уә әслих ли дуния-ялләти фиһә мәбәши, уә әслих ли әхиратил-ләти иләйһә мәбади, уәжғалил-хәятә зиядатән ли фи кулли хайрин, уәжғалил-мәутә рахатән ли мин кулли шәрр. Уә Рабби әбинни уә лә туьин ғаләйя уәнсурни уә лә тәнсур ғаләйя, уәһдини уә йәссирил-һудә ли».

Жамандықтан пана сұрау

Я, Алла! Мен Сенен мінез-құлықтың, амалдардың, нәпсі-қалауларының және дерттердің жаманынан пана сұраймын. Уа, Алла! Мен Сенен қарызға батудан, адамдардың өктемдігі және дұшпандардың табалауынан пана сұраймын.

«Аллаһумма инни әбузу бикә мин мункәратил-әхләқи уәл-ағмәли уәл-әһуә-иуәл-әдуә. Уә әбузу бикә мин ғаләбәтид-дәйни уә қаһрир-рижәли, уә шәмәтәтил-әйдә».

Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізілген: «Раббысының пендеге ең жақын болатын уақыты түннің соңғы бөлігі (мұнда түннің соңғы үштен бір бөлігі

туралы сөз болуда). Сол сәтте Алланы зікір етушілерден бола алсаң, солардан бол!», «Пенденің Раббысына ең жақын болатын уақыты сәждеге бас қойған кезі. Осы уақытта Аллаға көп дұға етіңіздер». Яғни, дұғаларды түннің соңғы бөлігінде және сәждеде жасауға тырысайық!

Алла Тағала қабыл болатын дұға нәсіп етсін!

www.asylarna.kz